

Атырау қаласы. Тасқала округының Рауан бөбекжай балабақшасының педагог – психологы Беделбекова Н. Н. 2021 – 2022 оқу жылының жылдық есебі.

2021 – 2022 оқу жылында алға қойған мақсатым: Жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайларды қалыптастыра отырып, баланың өзіндік дамуына және тұлға болып қалыптасуына жағдай туғызу.

Алға қойған мақсатына жету үшін төмендегі міндеттерді ескердім:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, бала дамуына ықпал жасау
2. Білім беру саласында бала дамуына дер кезінде көмек көрсету
3. Балалардың жас ерекшеліктеріне орай танымдық диагностика жасау, олардың қызығушылықтары мен қабылеттіліктерін анықтау
4. Педагогтармен ата – аналар арасындағы қарым – қатынасты нығайту

Жылдық жоспар құрылып, бекітіліп міндеттер айқындалған кейін жоспарға сүйене отырып төмендегі бағытта жұмыстар жүргізілді

1. Психопрофилактика (психикалық ағарту, алдын алу)
2. Психологиялық диагностика
3. Психикалық коррекция және түзету
4. Психикалық кеңестер беру

Тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған алдын алу және ағарту, тұлғалық өзара әрекет ерекшеліктерін, қарым – қатынасын зерттеу, педагогикалық үрдістегі мәселелерді шешуге көмек беру және кеңес беру жұмыстары тәрбиелеушімен, тәрбиеші – педагогтармен, ата – аналармен, әкімшілікпен жүргізілді.

Жылдық жоспарға сай қыркүйек айында балаларды балабақшаға бейімдеу мәселелері бойынша жұмыстар жоспарланды. Мектепке дейінгі білім орталығына «Балапан» «Құлыншақ» топтарына жаңадан келген балалардың көңіл күйін анықтау бағытында бейімделу парақшалар толтырылды. Балалардың жанұясымен танысу, отбасының әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сауалнама толтырылды. Сондай – ақ «Баланың бейімделу кезеңі» «Баланың көңіл – күйі» «Нені білмейміз» кеңестері ұсынылды. Баланың бала бақшаға бейімделу параметрлері бойынша жүргізілген парақша нәтижесінде мына көрсеткіштерді атауға болады

«Балапан» тобында 20 бала

- Жеңіл – 60 %
- Орташа – 35 %
- Төмен – 5 %

«Құлыншақ» тобында 23 бала

- Жеңіл – 69,6 %
- Орташа – 26,1 %
- Төмен – 4,3 %

Ата – аналарға үйде балаға жағдай туғызу, үйде барынша бала – бақша режиміне бейімделуі, күн тәртібін сақтау туралы айтылды.

Қыркүйек айында ата – аналармен онлайн түрінде жиналыстар өткізілді

Қазан айында балалардың психикалық тұрғыдан даму дәрежесінің жас шамасына сәйкес диагностикалық зерттеу жұмысы жүргізілді.

Балалардың психикалық даму карталары төмендегідей

Топ атауы	Ес	Қаблет	Зейін	Ойлау	Қиял
«Балдырған» бала саны 25					
Жоғары	2 %	12 %		4 %	
Орташа	24 %	16 %	12 %	16 %	20 %
Төмен	74%	72 %	88 %	80 %	80 %
«Құлыншақ» бала саны 24					
Жоғары					
Орташа	18,9 %	12,5 %	8,3 %	87,5 %	4,2 %
Төмен	81,1 %	87,5 %	91,7 %	12,5 %	95,8 %
«Нұршуақ» бала саны 26					
Жоғары					
Орташа	25 %	30,7 %	34,6 %	46,2 %	28,8 %
Төмен	75 %	69,3 %	65,4 %	53,8 %	71,2 %
«Күншуақ» бала саны 25					
Жоғары	2 %	4 %		6 %	2 %
Орташа	48 %	28 %	20 %	28 %	22 %
Төмен	50 %	68%	80 %	66 %	66 %
МАД «Болашақ» бала саны 24					
Жоғары	3,9 %	7,7 %	2,0 %	42,4 %	76,9 %
Орташа	53,9 %	47,4 %	42,3 %	46,6 %	21,8 %
Төмен	42,2 %	44,9 %	55,7 %	10 %	1,3 %

Қараша айында тәрбие және білім беру үрдістерін анықтау мақсатында тәрбиеші педагогтардың ашық оқу қызметтеріне қатынасып, талдаулар жасалынды, сондай – ақ таң ертенгілік қабылдау, серуен кездерінде бақылаулар жүргізіліп отырды.

Желтоқсан қаңтар айларында әр топ балалармен дамыту жұмыстары жүргізілді. Жеке – жеке топпен, және баламен «Суретте не жетіспейді» «Кімге не керек» «Жыл мезгілдерін ата» «Сурет бойынша әңгімеле» «Сиқырлы айна» «Қисынсыздықтар» Музыка, ертегі терапияларымен «Ертегі ойластыр» «Сипаттама бойынша тап» жұмыстар жүргізілді. Сондай – ақ тренинг жаттығу «Жақсы көңіл күй жан азығы».

Ақпан айында «Құлыншақ» «Балдырған» «Күншуақ» «Нұршуақ» МАД топтары бойынша екінші кезеңдік қорытынды диагностика жүргізіліп төмендегідей көрсеткіштер көрсетті.

Топ атауы	Ес	Қаблет	Зейін	Ойлау	Қиял
«Балдырған» бала саны 25					
Жоғары	14 %	16 %	8 %	8 %	8 %
Орташа	58 %	44 %	44 %	52 %	40 %
Төмен	8 %	40 %	48 %	40 %	52 %
«Құлыншақ» бала саны 24					
Жоғары	10,4 %	8,3 %	12,5 %	8,3 %	4,2 %
Орташа	35,5 %	29,2 %	37,5 %	25 %	20,8 %
Төмен	54,1 %	62,3 %	50 %	66,7 %	75 %
«Нұршуақ» бала саны 26					
Жоғары	21,2 %	20,1 %	27 %	44,2 %	17,3 %
Орташа	53,8 %	34,6 %	30,7 %	28,9 %	48,1 %
Төмен	25 %	42,3 %	42,3 %	26,9 %	34,6 %
«Күншуақ» бала саны 24					
Жоғары	26 %	12 %	12 %	22 %	14 %
Орташа	54 %	64 %	44 %	52 %	50 %
Төмен	20 %	24 %	44 %	26 %	36 %
МАД «Болашақ» бала саны 26					
Жоғары	42,2 %	9 %	26,9 %	39 %	18 %
Орташа	60 %	51,3 %	46,2 %	44 %	74,3 %
Төмен	5,8 %	39,7 %	26,9 %	17 %	7,7 %

Балалардың қазан айындағы диагностикасына қарағанда ақпан айында балалардың дамуы көтерілгендігін байқауға болады.

Ата – аналарға «Балабақшаға қуанышпен» «4 – 5 жастағы баланың ерекшелігі» «Баланы мектепке дайындауды қалай жүргіземіз» - кеңестері берілді. «Бала үшін не істей аламыз» педагогтармен тренингілер, бой сергітулер өткізілді.

Наурыз айында топ балалармен дамыту жұмыстары жүргізілді. Жеке баламен Ақниет, Айбар мүмкіндіктеріне қарай тапсырмалар ұсынылып, жұмыс атқарылды.

Сәуір айында ересек топ балалармен ертегі терапиясы , ащық ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптарына орай жүргізілді.

«Мектепке дайындық деген не?» - кеңес

Ата – анаға «Ойын ойнай білемізбе?» - кеңес

«Баланыз мектепке дайынба?» - сауалнама